



# ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ ПРАВО И ГОСУДАРСТВО



*С.С. Молдабаев*  
Директор Института Генеральной  
прокуратуры РК им. Ескараева,  
старший советник юстиции,  
д.ю.н., профессор

*“К вопросу о пожизненном  
лишении свободы”*

4 (49)  
2010 ж.



*Ж.У. Тлембаева*  
Заведующая кафедрой  
конституционного права и  
государственного управления,  
к.ю.н., доцент

*“Сближение и гармонизация  
законодательств государств -  
одна из задач современного развития”*



*С Новым 2011 годом!  
Мәңгі 2011 жылдарыңызбен!*

**ҚАЗАҚ ГУМАНИТАРЛЫҚ ЗАҢ УНИВЕРСИТЕТИ**  
**ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ**  
**КАЗАХСКИЙ ГУМАНИТАРНО-ЮРИДИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ**  
**ПРАВО И ГОСУДАРСТВО**

---

---

**ҚазГЗУ ғылыми-ақпараттық журнал**  
**№4 (49) 2010**

**1997 жылдан бері шығады**  
**Құрылтайшы: «ҚазГЗУ» АҚ**

**Редакциялық алқа**

Қоғамов М.Ш. – бас редактор  
Жиренчин К.Ә. – бас редактордың орынбасары  
Тұрашев Е.Н. – жауапты хатшы (қазақ тілінде)

Баймаханов М.Т.	Құлжабаева Ж.О.
Башимов М.С.	Мауленов Ғ.С.
Бычкова С.Ф.	Нәрікбаев М.С.
Ғабдуллина Қ.Ғ.	Нұртаев Р.Т.
Жекебаев Ү.С.	Сүлейменов М.К.
Жусупов А.Д.	Ударцев С.Ф.
Қаудыров Т.Е.	

**Техникалық хатшы**

Нағымаш Ж.Ш.

**«Құқық және мемлекет» журналының редакциялық кеңес мүшелері**

Абдрасулов Е.Б.	Мәми Қ.А.
Ахпанов А.Н.	Молдабаев С.С.
Аюпова З.К.	Рогов И.И.
Әбдіров Н.М.	Сартаев С.С.
Әлімбаев М.Т.	Сәрсембаев Т.Е.
Борчашвили И.Ш.	Сәрсембаев М.А.
Бұсырманов Ж.Д.	Тихомиров Ю.А.
Зиманов С.З.	Түсіпбеков Р.Т.
Керезбеков К.К.	Турецкий Н.Н.
Козлихин И.Ю.	Тлепина Ш.В.
Кубеев Е.К.	



**Научно-информационный журнал КазГЮУ**

**№4 (49) 2010**

**Выходит с 1997 г.**

**Учредитель: АО «КазГЮУ»**

**Редакционная коллегия**

Қоғамов М.Ш. – главный редактор  
Жиренчин К.А. – зам.гл. редактора  
Турашев Е.Н. – отв.секретарь (на каз.яз.)

Баймаханов М.Т.	Кулжабаева Ж.О.
Башимов М.С.	Мауленов Г.С.
Бычкова С.Ф.	Нарикбаев М.С.
Габдуллина К.Г.	Нуртаев Р.Т.
Жекебаев Ү.С.	Сулейменов М.К.
Жусупов А.Д.	Ударцев С.Ф.
Каудыров Т.Е.	

**Технический секретарь**

Нағымаш Ж.Ш.

**Члены Редсовета журнала «Право и государство»**

Абдрасулов Е.Б.	Мами К.А.
Ахпанов А.Н.	Молдабаев С.С.
Аюпова З.К.	Рогов И.И.
Абдиров Н.М.	Сартаев С.С.
Алимбеков М.Т.	Сарсембаев Т.Е.
Борчашвили И.Ш.	Сарсембаев М.А.
Бусырманов Ж.Д.	Тихомиров Ю.А.
Зиманов С.З.	Тусупбеков Р.Т.
Керезбеков К.К.	Турецкий Н.Н.
Козлихин И.Ю.	Тлепина Ш.В.
Кубеев Е.К.	

**МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ**

**Біздің қонақтар  
Наши гости**

<b>Молдабаев С.С.</b>	К вопросу о пожизненном лишении свободы.....	6
<b>Тукеев А.Ж.</b>	Юридическая природа мер принуждения в уголовном процессе.	12

**Мемлекет және құқық теориясы мен тарихының өзекті мәселелері  
Проблемы теории и истории государства и права**

<b>Елюбаев М.С.</b>	Қазақстанның Ресейге қосылуына дейінгі казак әдет-ғұрпындағы жаза түрлері.....	17
<b>Тлембаева Ж.У.</b>	Сближение и гармонизация законодательств государств - одна из задач современного развития.....	23
<b>Турабаев Ә.Р.</b>	1886 ж. Ереже бойынша Қазақстандағы әкімшілік-отарлау басқарудың мәселелері.....	29

**Конституциялық құқық және мемлекеттік басқару  
Конституционное право и государственное управление**

<b>Сактаганова И.С.</b>	Налогообложение в рамках специальных налоговых режимов: зарубежный и казахстанский опыт.....	37
<b>Жумадилова А.Б.</b>	Конституционные основы местного самоуправления в Казахстане, его соотношение с государством и гражданским обществом.....	48
<b>Рахмитов Ф.М.</b>	К вопросу о содержании деятельности и функций правоохранительных органов.....	54

**Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану  
Международное право и сравнительное правоведение**

<b>Аскеров Р.С.</b>	Международные стандарты соблюдения прав и свобод человека: значение и общая характеристика.....	63
---------------------	---	----

**Нарықтық қатынастарды реттеудегі құқықтың рөлі  
Роль права в регулировании современных рыночных отношений**

<b>Баймаганбетова Г.С.</b>	Развитие системы кассационного обжалования и опротестования.....	71
<b>Рахимова Г.Х.</b>	Өнеркәсіптік үлгіні тіркеу мәселелері.....	75
<b>Кошатаев А.Ж.</b>	Правовое регулирование и развитие института здравоохранения в Казахстане.....	81
<b>Рахымтаева Ж.Д.</b>	Аралық сотта іс қараудағы заңдылық қағидасы.....	87

**Қылмыстық құқық және криминология**  
**Уголовное право и криминология**

Тойшибекова А.А.	Методологические проблемы понятийно-терминологического анализа принципов уголовного права.....	92
Әбдіжәми А.Ж.	Есірткінің заңсыз айналымымен байланысты қылмыстар үшін жауаптылық белгілейтін қылмыстық заннамаларды жетілдіру бағыттары.....	98
Оспанова Ж.Б.	Некоторые вопросы развития уголовно-исполнительного законодательства в свете Концепции правовой политики государства на период с 2010 до 2020 года.....	103
Имангалиев С.С.	Посягательства на процесс получения достоверных доказательств по советскому уголовному праву .....	107
Возняк О.А.	К вопросу о понятии «изменения обстановки» в институте освобождения от уголовной ответственности в свете декриминализации отдельных уголовных деяний.....	113

**Қылмыстық іс жүргізу және криминалистика**  
**Уголовный процесс и криминалистика**

Балашов Т.Т.	Действие принципа обеспечения несовершеннолетнему подозреваемому, обвиняемому права на защиту в системе принципов уголовного процесса Республики Казахстан.....	118
Толстова М.В.	Тактика освидетельствования с участием специалиста в судебном следствии.....	125
Финк Д.	Вопросы реализации права на примирение и компенсацию причиненного ущерба отдельными участниками уголовного процесса .....	131
Жолдасова Л.М.	Қылмыстық іс жүргізудегі «Моральдық зиян» ұғымы мен мазмұнын анықтаудың теориялық негіздері.....	135

**Трибуна магистранта**  
**Магистрант мінбері**

Шарипова Д.М.	Ядролық карусыздандыруды камтамасыз етудегі өзекті мәселелер.....	143
Мауленов А.Г.	Государственно-правовое обеспечение экономической безопасности Республики Казахстан.....	152
Кабдулин Т.А.	Анализ внутренних действий государств в борьбе с незаконным оборотом наркотических средств и психотропных веществ и их эффективность.....	157
Омарханова Ж.К.	Информация с ограниченным доступом (нераскрытая информация): тайна, конфиденциальная информация – их правовая природа и соотношение.....	163
Сабыржанова Д.Ж.	Обобщение судебной практики по делам об усыновлении (удочерении) детей в Республике Казахстан.....	169

**Университеттегі ғылыми өмір**  
**Научная жизнь в университете**

• Шапак У.	Обзор защищенных диссертаций в объединенном диссертационном совете ОД 14.50.11 при Казахском Гуманитарно-Юридическом Университете в 2010 году	175
• Хан В.В.	Обзор защищенных диссертаций в диссертационном совете Д 14.61.13 при Казахском Гуманитарно-Юридическом Университете в 2010 году.	185



## Мемлекет және құқық теориясы мен тарихының өзекті мәселелері

### Проблемы теории и истории государства и права

**М.С. Елюбаев**

з.ғ.к., Абай Мырзахметов атындағы  
Көкшетау университетінің  
заңтану кафедрасының доценті.

#### Қазақстанның Ресейге қосылуына дейінгі қазақ әдет-ғұрпындағы жаза түрлері

Тәуке хан ережесі мен басқа қазақ әдет-ғұрып құқығынан келесі жаза түрлері белгілі:

1. Өлім жазасы.
2. Дүрелеу.
3. Әшкерелеу жазасы.
4. Құн.
5. Айып.
6. Құлдыққа салу.
7. Кінәліні жәбірленушіге қызмет ету үшін беру.
8. Кінәліні жәбірленушіге, не оның туыстарына беру.
9. Кінәлінін барлық мүлкін тәркілеу.
10. Тайпадан қуылу.

**Өлім жазасы.** Тәуке заңы бойынша кісі өлімі, адам ұрлау, әйел зорлау, мал ұрлығы үшін өлім жазасына кесетін болған. Осы заң бойынша өлім жазасы жәбірленушінің немесе оның туыстарының келісімімен, сот үкімі бойынша басқа жаза түрлері: құнын өтеу, құлдыққа беру, дүрелеу немесе әшкерелеу жазаларымен ауыстырылуы мүмкін. Біздегі деректерге сүйенсек Тәуке ханның кезінде өлім жазасы, салыстырмалы түрде сирек қолданылды. Ол жиналыста би және аға сұлтандардың үкімі бойынша қолданылды. Сот үкімінің орындалуы халық жиналысында орындалды.

Қазақ қоғамындағы қайшылықтардың өсуі мен таптық дифференциясының күшеюі, XVIII ғасырдың жекелеген қазақ хандарымен сұлтандарының саяси қылмыс жасаған тұлғаларға қатысты өлім жазасын қолдануы үшін пайдаланылды. Хандар мен сұлтандар өздерінің үкімдерін ауызша шығарғандықтан тарих мұрағаттарында тікелей деректер (XVIII ғ. 30 жылдарындағы) сақталмаған.

Бұл туралы тек жанама деректер негізінде ғана айтуға болады. Мысалы, қазақ ауылдарында болған орыс саяхатшыларының айтуына қарағанда қазақтармен Ресейдің қарым-қатынасы туралы патша әкімшілігі шенеуніктерінің ресми хабарламалары хат алмасуларынан белгілі.



Ғайып ханның 1716 жылғы 13 қыркүйекте Сібір губернаторы князь Гагаринге жіберген арызында Ғайып ханның өзінің қарамағындағылармен орыстардың бірге бейбіт өмір сүру туралы өтініші, «Қазақ ордасында кімде-кім, мемлекет тыныштығын бұзса, ол туралы Ғайып ханға естілсе, ол адамдарға өлім жазасы тағайындалады» делінген. Егер Ғайып хан ұрлық үшін өз еркімен өлім жазасын тағайындаса, онда, кісі өлтіру мен басқа қылмыс түрлеріне де өлім жазасын кеңінен қолданған деп болжауға болады. Н. Рычковтың 1774 жылы жасаған тізімінде кіші жүздің ханы Әбілқайырдың өз бетімен өлім жазасын қолданғаны жөнінде айтылған. Әбілқайыр хан туралы Рычков хатында бұл ханның әкесі, халық алдында өзінің күшін көрсету үшін, кінәлі адамдарды түйенің мойнына жіппен байлап іліп қоятын – делінген.

Жазаның ең жоғарғы түрі ретінде өлім жазасын қолдану хан, сұлтандардың билік сипатына байланысты болды. Көшпелі өмір салтында патриархалды – рулық қатынастардың сарқыншағының сақталуы мен орталық мемлекеттік биліктің әлсіздігі, әдетте, өлім жазасын қолданудың әрбір жағдайы жаңа қылмыс түрінің пайда болуына әкеліп соқтырады. Хандармен сұлтандар өлім жазасына артында күшті қалқаны, тірегі жоқ адамдарды тартты. Ханның барон Мейендорфқа жазған хатында: хан өзінің билігі бойынша ешбір заңмен қорғалмаған қырғыз өмірін өз бетінше талқыға салатынын атап көрсетті. Ханның басқару кезінде кінәлілер өмірін қию, кек қайтару, кінәліге өзіндік сот жасау барымта түрінде жүзеге асты.

**Дүрелеу және әшкерелеуші жазалар.** Тәуке хан жарғысымен басқа да әдет-ғұрып құқығында дүрелеу және әшкерелеу жазаларына жол берілді. Әдет-ғұрып құқығының нормалары негізінде жеке тұлғаға қарсы қылмыс түрлеріне дүрелеу және әшкерелеу жазалары қолданылды. Осыған орай әрбір жаза түрлері тек дербес немесе басқа жазамен қосымша қолданылды. Егер қылмыс ауыр болмаса, онда Тәуке хан жарғысында айытылғандай, өлім жазасының орнына кінәліні жартысына дейін шешіндіріп, бетіне күйе жағып, мойнына киіздің кесіндісін кигізіп, жіпті тісімен тістетіп, ат соңынан жүгіруді бұйырады, екі адам оны қуады, ал екеуі басқаларды сол әдіспен жүгіруге шақырады.

Дүрелеу жазаларының жиі қолданылатын түрі ол дүре, яғни жария түрде дүре соғу. Соққылар әдетте халық көзінше жалаңаш арқаға соғылады. Шариат ережелеріне қарағанда қазақ әдет-ғұрып заңында соққы саны алдын-ала анықталмайды, ол сот билерінің қалауы бойынша жүзеге асырылады. Дүре жазалары қанжығамен (ер тоқымның белдігі) ұру түрінде де жүзеге асты. Дүрелеу және әшкерелеу жазалары кейде, кінәліні ауылды үш рет айналдырып, мойнына ескі киіз кигізетін, оны ұрған адамдар оны не үшін ұрып жатқандарын айтатын [1].

Дүрелеу жазалары көбіне кедейлерге қолданылатын, ал байларға басқа жаза түрлері қолданылады.

Тәуке хан жарғысында мүшесіне зақым келтіру жазалары да көрініс табады. Бірақ жарғыда оны сотпен жүзеге асыруға жол берілмейді, тек сирек жағдайда оған жәбірленуші немесе оның туыстары рұқсат берсе ғана жол беріледі. Мүшеге зақым келтіру қазақ әдет-ғұрып құқығына тән сипат емес.

**Құнын өтеу.** Қазақ әдет-ғұрып құқығында көп таралған жаза түрі болып табылады. Өлім жазасы және дене жарақаты жәбірленушінің немесе оның әулетінің келісімімен, сот үкімі бойынша құн төлеумен, яғни қан үшін төлеммен ауыстырылады. Құн төлеумен кінәлі жеке кек алу мен одан әрі заңмен қудаланудан босатылады.

Қазақтардағы құн төлеу Киевтік Русьтағы вира мен головщина секілді болған. Құн өтеу жүйесі ерте феодализмдегі барлық халықтардың қылмыстық құқығына тән белгілердің бірі. Бір қатар халықтарда бұл жүйе, ұлы қазан төңкерісіне дейін сақталған. Құн төлеу жүйесінде кінәлі немесе оның туыстары жәбірленуші тарапымен айырбас бірлігі–ақшамен, малмен, мүлікпен, кейде адаммен есептесті.

Құн төлеу көлемі таптық сипатқа ие болды. Қазақтарда өлім жазасы мен дүрелеу жазасының орнына кінәлі адамнан малын тартып алатын болды. Бұл халықта құн төлеу малмен анықталған. Тәуке заңы бойынша ер адамның құны – 1000 қойға немесе 100 түйеге, немесе 200 жылқыға бағаланған, ал әйелдердің құны ер адамдардың құнына қарағанда жарты құнына бағаланған. Сұлтан немесе қожа үшін, жеті есе көп есептелген. Тәуке заңының белгілі ережелерінде ақсақалдардың, билердің, батырлардың қанының құны көрсетілмеген, бірақ олардың құны қатардағыларға қарағанда жоғары болғанын айту керек.

Құн мөлшері туралы Тәуке заңының әртүрлі жазбаларында (А. Левшин, И. Шангина және Г. Гавердовскийдің беруінде) кейбір ерекшеліктері бар. Мысалы, А. Левшин және Е. Шангина әр түрлі тап өкілдері үшін Тәуке заңымен берілген құнның абсолютті сандарын көрсеткен, ал Гавердовский, Тәуке заңы бойынша құн жәбірленушінің атағы мен байлығына байланысты 200 ден 1000 жылқыға дейін бекітілген.

Тәуке жарғысының сипаты бойынша Гавердовскийдің жазбасын дұрыс деп санаған жөн. Тәуке үшін құнның ең төменгі және ең жоғарғы мөлшерін бекіту маңызды болған. Қатардағы азамат үшін 1000 қой, сұлтандар және қожалар үшін 7000 қой деген нақты мөлшер сот тәжірбиесінде еш кездеспеген.

XVIII ғасырда кіші жүздің ханы Әбілқайырдың өлімі, ұлы сұлтан Ералы, Сырымбет батырдың тікелей кінәлі адамды өз қолымен өлтірген. Сондай – ақ ұлы жүздің биі Төле бидің үкімі бойынша ол екі құнын алды, ал қалған төрт құнын Ералы кейіннен кешірген.

Қазақ әдеттерінің ережелерін жинақтаушылар бұл оқиға белгілі деп сендіреді.

Тәуке заңы бойынша құл үшін құн төлеу аңшылық ит немесе бүркіт құнына теңестірілді. Осылайша, құн мөлшері таптық өкіліне, мүлкіне, құқықтық жағдайына қарай бекітілді. Ауыр дене жаракаты үшін төлем белгілі мал санымен және зақымның сипатына байланысты есептелді. Зақым нәтижесінде өлімге соқтырса, кісі өлімі үшін құн төлеуге дейін барған.

Құн төлеудің жүйесін жасай отырып, өзінің жарғысында Тәуке жеке кек алуды шектеуге, феодалдардың жеке мүдделерін қорғауға және мемлекеттік шаралардың рөлін арттыруға тырысқан. Осыған орай келесілерді ұсынған:

1. Қырғыздар қылмыскерге қорған болған жағдайда ұлт алдында кінәлі болып саналады;

2. Әрбір руды өзінің руласы үшін құн төлеуге міндеттейді.

Құн төлеудің жүйесін жасай отырып, өзінің жарғысында Тәуке жеке кек алуды шектеуге, феодалдардың жеке мүдделерін қорғауға және мемлекеттік шаралардың рөлін арттыруға тырысқан. Осыған орай келесілерді ұсынған:

1. Қырғыздар қылмыскерге қорған болған жағдайда ұлт алдында кінәлі болып саналады;

2. Әрбір руды өзінің руласы үшін құн төлеуге міндеттейді.



Құн төлеу пайда болғанға дейін қазақ қоғамында шектеусіз кек алу, барымта секілді қағидалар үстемдік құрған. Құн төлеудің нақты мөлшерін бекіту – үстем топтың мүддесін қорғайтын іс болды.

Қазақ әдет-ғұрпының нормалары бойынша құн кінәлі адамнан, егер онда қажетті мүлік болмаса оның жақын туыстарынан, ал ол мүлік жетпесе, алыс туыстарынан, жеті ата бабасын қоса алғанда, солардан құн өтеледі. Шындығында жоғары құн мөлшерін (қатардағы адам үшін 1000 қой) кедейлер төлей алмас еді. Құн төлеуден бас тарту қатаң қылмыстық жазаға тартылды. Құн кедейлер үшін қатаң жаза ретінде қалыптасты.

Тәуке хан жарғысында «Соттарға және істі шешуші өзгеше тұлғаларға талап арыздың 10-шы бөлігін беру көзделген». Тәжірибиеде мемлекет пайдасына шешілетін үлес бөлігі арыздың он бөлігінен анағұрлым көп болып есептеледі. Әдет бойынша тараптарға, соттарға тарту, сыйлық, сыбаға беруге тыйым салынбайды. Сондықтан да феодалдар қылмыстық істі қиындатып және әдейі дауды ұйымдастырып ірі сыйақы алады [2].

**Айыппұл.** Қазақ қоғамында жазалардың кең таралған түрі айыппұл болды. Айып сөзі әдетте – орыс тіліне аударғанда бұл ұғымның тарихи маңызына сәйкес келмейді.

Айыппұл қазақ әдет ғұрпы бойынша бұл орыс шындығындағы «сату» мен «сабак» секілді болып келеді.

Айыппұл – қылмыс үшін сотпен бекітілген жаза болып табылады. Айыппұл мүліктік қылмыстар үшін тағайындалады. Ол сондай-ақ тұлғаға қарсы қылмыс үшін (кісі өлімі мен ауыр дене жаракатынан басқа), басқарудың тәртібіне қарсы қылмыс үшін тағайындалады.

Айыппұлдың мөлшері Қазақстанның әр жерінде әр түрлі болды. Бұл көптеген себептермен түсіндірілді. Еңбекшілердің жеке және мүліктік мүдделері сот қорғауымен қамтамасыз етілмеді. Феодалдардың малын ұрлағаны үшін басқа мүлікке қарағанда айыппұл көбірек салынды. Әдет- ғұрып құқығы бойынша айыппұл көбірек салынды. Әдет-ғұрып құқығы бойынша айыппұл мөлшері өте жоғары болды. Қарақшылықтың әр түрі бойынша айыппұл мөлшері ұрланған заттың қалыпты құнынан тоғыз есе құнға дейін анықталады. Феодалдардың ар-ожданына қол сұғушылық үшін айыппұл мөлшері қатардағы адамның өлімі үшін төленетін құн мен барабар.

Айыппұл мөлшері соттарға, билерге байланысты болды. Қазақ әдет – ғұрып құқығының нормалары бойынша көбіне айып-тоғыз қолданылды. Ол он мал басын білдірді. Жасалған қылмыс сипаты бойынша және жәбірленуші мен айыпкердің әлеуметтік – құқықтық жағдайы бойынша тоғыз келесіге бөлінеді:

а) бас-тоғыз немесе түйе бастатқан тоғыз, яғни түйеден басталатын тоғыз, оның құрамына сегіз үлкен және кіші мал кіреді;

б) орта-тоғыз немесе ат-бастатқан тоғыз, яғни аттан басталатын орта тоғыз;

в) аяқ-тоғыз немесе өгіз бастатқан тоғыз, яғни өгізден басталатын тоғыз.

Әдетте түрлі қылмыстар үшін айыппұл бір тоғыз мөлшерінде тағайындалды. Бірақ аса маңызды қылмыстар үшін айыппұл үш тоғызды құраған кезде аз болмаған [3].

Маңызы шамалы қылмыстар үшін аяқ-тоғыз тоқал (қысқартылған) тоғызбен алмастырылды. Ол 8 түрлі ұсақ малдан тұрады. Тәртіп бұзғандық үшін айыппұл ат шапан – ат және халат, айыппұл ат тон және шуба немесе тағы басқа нәрселер.

Айыппұлды айыпкер немесе егер, тікелей айыпкер табылмаса немесе сотқа келмекен жағдайда оның жақын туыстары төлейді. Жақын туыстары төлеуге дәрменсіз

болған жағдайда айыппұл барлық ауылға салынатын болған. Ру мүшесіне ұжымдық жауапкершілікті жүктеу қағидасы ежелгі заманның әдет – ғұрпы болып табылады.

Сотпен өндірілетін айыппұл бірнеше бөлікке бөлінді. Айыппұл бөлігі жәбірленуші пайдасына еніп ақы түрінде есептелді. Ал қалған бөлігі хан, сұлтанға есептелді. Сондай – ақ соттарға сот істерін қарағаны үшін тиесілі бөлігі бар.

Айыппұл құрамына, жасауыл–ақы, жаушыға жіп кестір де кірді. Жасауыл ақы сотқа адамдарды шақыру үшін жіберілген адамға төленеді. Жаушыға жіп кестір жәбірленуші мен айыпкер арасындағы даудың біткені жөнінде жіп кесетін адамға төленеді.

Төңкеріске дейінгі әдебиетте және тәжірбиеде айыппұлға, жәбірленушіге келтірілген зиянның орнын толтыру үшін төленетін ақыға қараған сияқты дұрыс емес көзқарас қалыптасқан. Айыппұл бұл тек зиянның орнын толтыру емес, жасаған әрекеті үшін де жаза болып табылады. Ұрлық үшін айыппұлды ұрланған заттан көп есе жоғары етіп тағайындалды. Айыппұл оны төлейтін тұлғалар үшін ғана тиімді болды. Кедейлер үшін айыппұл ауыр жаза болды.

**Құлдыққа беру немесе айыпкерді жәбірленушіге қызмет ету үшін беру.** Қазақ әдет-ғұрып құқығы бойынша бұл жаза түрлері құн төлеу мен айыппұл орнына төленеді. Айыпкер сотпен тағайындалған құн немесе айыппұлды өтей алмаған жағдайда бұл жаза түрі жүзеге асырылады. Қалай болған күнде айыпкер құл жағдайына түседі.

1824 жылғы қазақ әдетінің жинағында: Егер кімде-кім кедейшіліктен бір нәрсе ұрласа, онда ұрланған затты төлейді, егер төлей алмаса, баласы не өзі құлдыққа барады - делінген. Егер XIX ғасырда мұндай құбылыс орын алса, онда XVII ғасырда Қазақстанда құлдықтың дамыған шағында айыпкерді құлдыққа беру жаза түрі ретінде жиі қолданылды [4].

Аягөз округы бұйрығының деректері бойынша, 1834 жылы қазақ сұлтан, билерінің иелігіндегі еріксіз 182 құл болды. XVIII ғасырда құн немесе айыппұл үшін иелікке алынған құлдар болды. Бұл құлдардың кейбіреулері мұра бойынша құл болып қалғандар болды, яғни құлдыққа тек кедейлер салынғаны түсінікті. Бұл жаза түрі феодалық қанаушылықтың тағы бір көрінісі болды.

**Басымен беру.** Жоғарыдағы секілді себептер бойынша айыпкердің тағдырын жәбірленушінің қолына береді. Беглов, - «өте кедей айыпкер иесінің еркіне беріліп, ол онымен қалай қарайды, солай болады, тіпті өлтіруі де мүмкін»- деп жазады. Оның қожайыны айыпкер үшін құн немесе айыппұл төлемесе онда оны жәбірленушіге береді.

**Барлық мүлкін тартып алу және тайпадан қуу.** Қазақ әдет-ғұрып құқығының жекелеген жазбаларында хан басқаруы кезінде басқа дін қабылдағаны үшін тағайындалған. Бірақ шындығында бұл жазаны қолдану қазақ қоғамында сирек кездеседі.

Қазақ әдет-ғұрпында жаза түрі ретінде айыпкерді ауылдан қудалау да орын алды. Ол қылмыскерді үйінде жасырған тұлғаларға қолданылды. Егер қудаланған адамды біреу өлтірсе, онда ол жазаға тартылмады.

Қазақстанның Ресейге қосылуына дейінгі қазақ қоғамында кедейлерге өлім жазасы, құлдыққа беру секілді жаза түрлері қолданылады. Қазақ құқығы бойынша жазалар жүйесінде құн төлеу мен айыппұл ерекше орынға ие болады. Ол байлар үшін өте маңызды еді. Құн төлеу мен айыппұл жүйесін қолдануда қоғам мүшелерінің мүліктік және әлеуметтік теңсіздігі айқын көрінеді. Басқа көшпенді халықтар секілді қазақтар



үшін де айыпкерді немесе оның туыстарын малға меншік құқығынан айыру қатан жазалардың бірі болып саналды. Қазақстанның Ресейге қосылуына дейінгі қазақ әдет-ғұрып құқығында қолданылған жазалар жүйесінде осындай елеулі өзгерістер болды.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Журнал «Северный архив», ч 22, СПб, 1826, с. 274.
2. Рычков Н., // Дневные записки и путешествия капитана Н Рычкова в киргизскую степь, 1771, СПб, 1772, с. 3.
3. Загряжеский С.К., // Юридический образ киргиз. Материалы для статистики Туркестанского края, вып. IУ, 1876, с. 194.
4. Гавердовский Г. // Образование киргиз – кайсакской степи. Архив ЛОИИ. Собр. Рукописей. Кн. 495. И, 51.

### Резюме

В статье проведен исторический анализ развития понятия и видов наказания от положений, вошедших в казахское обычное право до периода присоединения Казахстана к России.

### Summary

The article shows the historical analysis on notion and types development of punishment coming from the provisions of the Kazakh simple rule till the period of Kazakhstan joining Russia.